



## БОЛАШАҚ – БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Алматы қаласы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Маркен Ахметов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері және профессор-оқытушылар құрамымен кездесу өткізді. Шара Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

М. Ахметов өз сөзінде бұл жолғы бағдарламаның негізгі бағыттарын айқындап, Жолдаудың еліміздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруінің алғышарты екенін түсіндірді. «Елбасымыз Жолдауында болашақ білімді жастардың қолында екенін айтып, бағдарламада көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруда жастарға сенетінін айтты», – деді Маркен Кенжетайұлы.

*Жалғасы 3-бетте*

**Технологические инновации в сфере обучения являются важными инструментами развития любого учебного заведения. Реализация масштабного проекта «Электронный кампус», частью которого является корпоративная сеть Wi-fi вывела КазНУ им. аль-Фараби в лидеры среди вузов Казахстана по модернизации IT-инфраструктуры.**

## НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КОРПОРАТИВНОЙ СЕТИ WI-FI

Проект «Электронный кампус» включает в себя шесть этапов модернизации IT-инфраструктуры университета. Корпоративная сеть Wi-Fi один из самых важных шагов на пути к полной его реализации. Сотрудниками Института информационных технологий было установлено 268 внутренних и 10 наружных точек Wi-Fi, которые обеспечивают 100% покрытие помещений на территории кампуса. Wi-fi доступ действует в конференц-залах и общественных местах учебных корпусов, Научной библиотеке, Центре обслуживания студентов, домах студентов и охватывает центральную аллею кампуса.

Корпоративная сеть Wi-Fi позволяет обеспечивать студентов и преподавателей университета бесперебойным и качественным доступом в интернет. Сделать это можно используя любое техническое средство, будь то смартфон или компьютер.

*Продолжение на 3-стр.*

## БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ - ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ



**Мемлекет және қоғам қайраткері, публицист-жазушы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, ҚР Парламенті Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Қуаныш Сұлтанов отандық ғылым мен білімнің қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар құрамымен және студент жастармен жүздесіп, Қазақстан халқы ассамблеясының құрылғанына жиырма жыл толуына орай «Турағы бір, ұраны бір, бүгіні – берен, ертеңі – ерен еркін ел» тақырыбында ой бөлісіп, өзін толғанып жүрген ой-пікірлерін ортаға салды.**

Алда тұрған асқаралы міндеттердің ауқымы зор екендігіне тоқталған қоғам қайраткері жұмыла көтерген жүктің жеңілдігін атап көрсетті. Қазіргі міндет – Елбасы тапсырмаларын ой елегінен өткізіп, зерттеп-зерделеу, Жолдауды жүзеге асыру жолдарын сарапқа салу. Бұл орайда ел ертеңі –білімді де білікті жастар атқаратын толайым тірліктер бар. Мемлекетіміздің ертеңі – солардың қолында. Келешек күнге батыл қадам жасау үшін қазіргі күннің талабын түсіну қажет. Біздің басты байлығымыз – ұлтаралық татулық. Әлем жұртшылығы сондықтан да халықтар достығын нығайту жөніндегі Қазақстан тәжірибесіне көз

тігіп отыр. Бүгінгі жүздесудің мәні де, маңызы да осында, деп атап өтті халық қалаулысы.

«Мәңгілік ел» – біздің ұлттық идеямыз, ұлт ұстынының алтын қазығы. Бастауын көне тарихтан тартатын Қазақ мемлекеттігі Мәңгілік елге айналуы үшін қай-қайсымыз да жауаптымыз. Ол үшін замана ырғағынан жаңылмай, дүбірлі дәуір алға тартып отырған міндеттер үдесінен көріне білуіміз керек. Ең бастысы әлемдік нарықта күн санап күшейіп отырған бәсекелестікке төтеп беруіміз қажет. Осы орайда экономикалық, технологиялық, әлеуметтік алғышарттарды қалыптастырғанымыз жөн.

*Жалғасы 3-бетте*

### БҮГІНГІ САНДА:



"SMART"- МУЗЕЙ

3-стр.

### БҮГІНГІ САНДА:



ЖӘНІБЕК ХАН

5-бет

### БҮГІНГІ САНДА:



ВЕСЕЛЫЙ  
ПРАЗДНИК ВЕСНЫ!

8-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

# БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ - ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ

Кезегін күткен әлеуметтік мәселелердің шешімін тауып, шағын және орта бизнесті дамыту керек. Сонымен қатар білім беру, ғылым және денсаулық сақтау салаларын да сапалық жаңа деңгейге көтеру қажет. Президентіміздің «Қазақстан—2050» Стратегиясы осы мақтарға жету жолдарын нұсқап, кең мүмкіндіктер ашып отыр. Жолдаудың ең басты құндылығы — адамға, жастарға қамқорлық дер едім, деп түйіндеді сөзін жазушы-саясаткер.

Жастармен жүздесуге қаламгерлер, Қазақстан Республикасы Президенті Баспасөз қызметі Алматы бюросының жетекшісі, экономика ғылымдарының кандидаты Валерий Жандаулетов, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры-редакторлар кеңесінің төрағасы, саяси ғылымдар кандидаты Жұмабек Кенжалин, «Мысль» журналының бас редакторы, техника ғылымдарының кандидаты Сейдахмет Құттықадам, жазушы Роллан Сейсенбаев, ұстаз-профессор Сағымбай Қозыбаев қатысып, сөз



сөйледі.

Сондай-ақ «Қарлығаштар», «Жастардың аяқ алысы», «Уақытпен бетпе-бет», «Алыптың оянуы (қытай реформасы туралы очерктер)», «Серпінді кезең» атты публицистік және сараптамалық туындылар авторы, университеттің

журналистика факультетінің түлегі Қуаныш Сұлтанов студент жастардың сауалдарына жауап берді.

**Нұрлыайым ДАНАЕВА,**  
журналистика факультетінің  
магистранты

## ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Осынау ғылым мен техниканың дамыған, көненің ұмытылып бара жатқан заманында біздің химия және химиялық технология факультетіне қарасты №13 Студенттер үйінде 30 қаңтарда кураторлық ОЗХТ-209 тобымның ұйымдастыруымен «Сөз тапқанға колқа жок» тақырыбында әдеби-танымдық кеш өтті.

Бұл кеш атамыз қазақ тапқырлықпен жасырған жұмбақтарды, екі сөйлем арқылы үлкен ойды жеткізетін мақал-мәтелдерімізді, тұрақты тіркестерімізді еске түсіріп, жаңғыртқан кеш болды. Кеш бірнеше сайыс кезеңдерінен тұрды. Іріктеу кезеңінен келесі турға А.Төлегенова, Ж. Жақсылық, С. Рзабай, Е. Елемесов, Т. Бисембай өтті. Қызу өткен сайыста Елемесов Ернар және Бисембай Тілекші ақтық сайысқа жолдама алды. Бұл ақтық сайыста олар көптен ұмытылған, қиын да қиысты тіркесті сөздердің мағыналарын ашты. Сайыстың жалпы нәтижелері бойынша жүлделі ІІІ-орынға Рзабай Сапарқұл, ІІ-орынға Елемесов Ернар, І-орынға Бисембай Тілекші ие болды.

**Гүлфайруз ҚАЙРАЛПОВА,**  
аға оқытушы, куратор-эдвайзер

\*\*\*

ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті Темпус I-WEB «Integrating Water cycle management: building capability, capacity and impact in Education and Business» және «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» жобалары аясында «Климат өзгерісінің су ресурстарына әсері» тақырыбында халықаралық онлайн семинар өткізді. Оған Лейпциг университетінің (Германия), әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, Х.А. Яссауи атындағы ХҚТУ-дың, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ-дың ғылымдары докторанттар және магистранттар қатысты.

Семинарда келесідей өзекті мәселелерге: жердің климаттық өзгерісі (климаттың өзгерісі бойынша Үкіметаралық эксперттер тобының және басқа эксперттер тобының мәліметтері негізінде), ҚР, ОАР, Еуропа және басқа мемлекеттерде климаттық көрсеткіштердің өзгеруінің заманауи үрдісі, ҚР, ОАР, Еуропа және басқа мемлекеттерде болашақта климат өзгерісінің болжамы, Климат өзгерісінің су ресурстарына әсері, Мұздықтар мен өзен ағындарына климат өзгерісінің әсері, Су ресурстары аясында климаттың өзгерістеріне бейімделудің іс-шаралары мен саясатына байланысты сұрақтар қарастырылды.

**География және табиғатты пайдалану факультеті**

\*\*\*

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оқытушыларының ұйымдастыруымен «Туған елге тағзым» атты дөңгелек үстел өтті.

Кафедрамыздың аға оқытушылары туған елге тағзым жасау, құрмет көрсету адам бойындағы ең бірінші парыз екенін түсіндіре отырып, ауған жастарына туған ел, туған жер ұғымдарының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін кенінен түсіндірді. Жиын барысында сабақта алған білімдерін толықтырып, терендетіп, сөздік қорларын дамыта отырып, ұлттық құндылықтар т.б. мәселелер айтылды. Ауған тыңдаушылары туған ел, жер туралы дайындаған өлең, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер және әндерін ортаға салды. Атап айтсақ, Фришта «Отан», Гүл Лайла «Үш бақытым», Тахира «Ту», Хусния «Туған ел» өлеңін жатқа оқып, тыңдаушыларға түсінікті болу үшін парсы тілінде мағынасын айтып түсіндірді. Ауған жігіттер тобы Ауған Ислам Республикасының тарихы, экономикасы, табиғаты туралы қысқаша мәлімет берді. Дөңгелек үстел соңында жиынға қатысушыларға викториналық түрлі сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

**Г. МОЛДАҒАЛИЕВА, Ж. КАСЫМОВА,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары

## РЕКТОР ПОШТАСЫНАН

*Аса құрметті Ғалым Мұтанұлы! Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әлем университеттері консорциумының толыққанды мүшесіне айналған туралы жақсылық хабарды өзім сүйіп оқитын... «Егемен Қазақстан» газетінің бюросы жетекшісі, елімізге журналистік шеберлігімен қоса ақындығымен де танылған Қорғанбек Аманжолдың үстіміздегі жылдың 21 қаңтар күні жарық көрген «Қазақ университетінің әлемдік мерейі» атты мақаласынан естіп білдім.*

*Аса құрметті Ғалым Мұтанұлы! Қорғанбектің көңілімізден шығатындай етіп айтқанындай, еліміздің білім беру саласының мойындалған көшбасшысы, Өзіңіз басқарып отырған университеттің әлемдік мерейлі болуымен... аты елімізге игілікті істерімен мәшһүр болған Қазақтың «Жаңғыру» ұлттық өркендеу орталығының төрағасы ретінде болған жаңалыққа табиғи, шын көңілмен қуана отыра ұйымның аса белсенділерінің атынан құттықтаймын. Алдағы уақытта Қорғанбектің газет бетінде айтқанындай, консорциумға мүше болғандағы мақсаттарға жете берулеріңізге тілектеспін. Деніңіз сау болсын!*

**Дәурен Сатыбалдыұлы ЖҰМАДІЛ-ЕСІР,**  
«Жаңғыру» қазақтың ұлттық өркендеу орталығының төрағасы,  
ҚазҰУ-дың түлегі

## СТЕПЕНДИИ ОТ «TAIBURYL»

Более сорока студентов КазНУ стали обладателями стипендии общественного объединения «Taiburyl».

Эта стипендия присуждается победителям конкурса среди студентов бакалавриата высших учебных заведений Казахстана в рамках программы «Поддержка образования».

В этом году в конкурсе приняли участие студенты из около 40 университетов. Стипендии в размере 150 тыс. тенге удостоились и 41 студент КазНУ. Всего было учреждено 250 стипендий, которые были предоставлены АО «Kaspi Bank» и Председателем совета директоров АО «VISOR Holding» Айдамом Карибжановым.

Стипендия «Taiburyl» направлена на стимулирование учебной, научной и практической деятельности талантливых и перспективных казахстанских студентов, обучающихся в области технических, гуманитарных, социальных и экономических наук.

**Нурзина КЫДЫРАЛИНА,**  
отдел по работе с молодежными организациями

## РЕКТОРАТ

Индикативті жоспар университет дамуының басты бағдаршамы іспеттес. Көзделетін басты мақсат — дамуға қол жеткізу, алға қадам басу. Факультеттер мен кафедралар әр оқу жылының басында индикативті жоспарды қабылдай отырып, тың бастамаларды қолға алуда. Ал олардың орындалу деңгейін қадағалап, үнемі зерттеп-талқылауды ректор Ғалым Мұтанұлы қадап тапсырған. 2014-2015 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы факультеттер мен кафедралардың индикативті жоспарының орындалуы кешегі кезекті ректорат отырысында басты тақырыпқа айналды. Мәжілісте тарих, археология және этнология факультетінің деканы Арман Қабдешұлы Жұмаділ мен биология және биотехнология факультетінің деканы Тамара Мінәжқызы Шалахметованың есептері тыңдалды.

жұмыс бойынша жалпы университет деңгейінде 7 орында. Сонымен қатар декан барлық кафедралардың артық-кемшін тұстарын саралай келе, алдағы жоспарларын ортаға салды. Ұжымның қойылған межеден дер кезінде шығатынына сенім білдірді.

Мәжілісте биология және биотехнология факультетінің көрсеткіштері жайлы декан Тамара Шалахметова баяндады. Ол индикативті жоспардың негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштерге жан-жақты тоқталып, келешекте атқарылар жұмыстармен және көрсеткіштерді жақсартуға арналған

шаралар барысымен кенінен таныстырды.

Сөз соңында ректор Ғалым Мұтанұлы: «Әрбір факультеттің бай тарихы мен дәстүрі, мықты ғылыми әлеуеті бар. Бүгінде ірілендірілген кафедралар бір ғылыми орталыққа айналып, оң нәтижелерін беруде, — деді. Университет басшысы заманның тамыр соғысын дөп басып, қолда бар мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану қажеттігін айтты.

**Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**

# Факультет нәтижелері қаралуда

Университеттің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда индикативті жоспарды орындаудың маңызы зор. Алдымен мінбеге көтерілген тарих, археология және этнология факультетінің деканы Арман Қабдешұлы жоспарды орындауда факультеттің І жартыжылдық нәтижесінде І-орынға шыққанын атап өтті. Жекелеген бағыттар бойынша тоқталсақ, факультеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы жалпыуниверситеттік көрсеткіші — 5, халықаралық байланыс бойынша — 13, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша — 1, әлеуметтік

**В КазНУ состоялась встреча студентов с депутатом  
Мажилиса Парламента РК Куанышем Султановым**

# «Smart»-музей

Сегодня университеты по всему миру активно внедряют программы по развитию smart-образования, smart-библиотек, smart-кампусов, smart-музеев. Информационные технологии, новые достижения науки и техники становятся определяющими в их деятельности. Однако, не следует забывать о духовно-нравственной составляющей.



Реализация проекта «Al-Farabi University Smart City», в основу которого положено учение великого мыслителя Востока о Добродетельном городе, направлена на создание университета новой формации, в котором гармонично развиваются две платформы – технологическая и нравственная.

Музей университета, сохраняя и изучая социокультурное наследие

своей alma mater и общества, в котором мы живем, стремится быть всегда современным, востребованным. Главные наши посетители – студенты, которые с интересом ожидают от музея новаций в сфере демонстрации своих коллекций, новых интерактивных форм общения, продвинутого использования цифровых технологий для формирования информационных ресурсов.

Осознавая роль музея в строительстве умного университета и формировании корпоративной культуры, нами были проведены комплексные работы по разработке в экспозициях новых мультимедиа-продуктов, IT-решений. К 80-летию юбилею университета при поддержке руководства осуществлена реэкспозиция и установлены интерактивные LED-экраны южнокорейской фирмы «Samsung». В зале Устойчивого развития КазНУ идет демонстрационный прокат видеоматериалов в 3D формате о перспективах университета – строительстве Инновационного кластера, Медицинского центра, возможностях его диагностических практик на уникальном оборудовании, в другом – показ хроникальных кадров из истории университета и видеофильма «КазНУ – 80 лет успеха».

Наряду с тематическими слайд-презентациями, такими, как: «Наследие аль-Фараби и современность», «Первый Президент Республики Казахстан – Лидер нации», «Научные школы», «Ректоры КазНУ», «Лауреаты Государственных премий», «Почетные профессора и доктора университета», «Герои Великой Отечественной Войны», каждому посетителю доступны новые информационные материалы об университетских проектах, отражающих достижения вуза последних лет. Это – электронные материалы, посвященные трансформации вуза в исследовательский университет, вхождению его в топ лучших

вузов мира, созданию «Al-Farabi university smart city», роли музея в устойчивом развитии университета и т.д. Подготовлены и демонстрируются на мониторах презентации по выполнению таких широкомасштабных инновационных проектов, как: «КазНУ – мировой Хаб устойчивого развития», созданный при поддержке ООН и ЮНЕСКО; «Глобальная энергоэкологическая стратегия в XXI веке», раскрывающая многогранную деятельность университета в продвижении инициатив Президента Казахстана Н.А.Назарбаева; «Зеленый мост через поколения» и «КазНУ – Green Campus», демонстрирующие активность университета по Программе «Academic Impact» и партнерском международном учебно-образовательном проекте по устойчивому развитию «Global Classroom», а также «III-й Форум Азиатских университетов», «Новая парадигма устойчивого развития» и другие. Институтом информационных технологий при участии наших сотрудников разработан видеотур по музею в 3D формате, который представлен на сайте университета в свободном доступе и позволяет осуществить первое знакомство с университетом.

Новые информационные материалы музея по сути и содержанию являются smart-услугами, подготовленные на государственном, русском и английском языках. Они могут и должны стать обязательным компонентом при планировании и проведении кураторских часов, конференций преподавателей и визитах иностранных гостей по программам академической мобильности, ознакомительных экскурсиях для абитуриентов и их родителей, участников школьных и студенческих олимпиад.

Тамара ТАЖИБАЕВА,  
директор музея,  
Ардак Джабыкпаева,  
экскурсовод

Жалғасы. Басы 1-бетте

## БОЛАШАҚ – БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Кездесуде сонымен қатар студенттердің жұмыспен қамтылуы мен оларға мемлекет тарапынан көрсетілер көмектер жайында мәселелер көтерілді. М. Ахметов басқарма тарапынан университет қабырғаларында «еріктілер» ұйымы құрылып, бітіруші түлектерді жұмыспен қамту мақсатында «1000 үздік студент» және «Менің алғашқы жұмыс орным» атты жобалар жүзеге асырылып, сонымен қатар студенттерге арналған «Мүмкіндіктер жәрменкесі» жыл сайын өткізіліп жатқандығын айтты.

Қара шаңырақ түлегі М. Ахметов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны екенін мақтанш етіп, жоғары деңгейлі мамандарды даярлауда үздік нәтиже көрсетіп келе жатқандығын айтты. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға толықтай жауап берген М. Ахметов жастарға Елбасы Жолдауын жүзеге асыруда үміт артатынын білдірді. «Оқуды үздік аяқтап, өз істеріннің маманы болып, Елбасы Жолдауларын жүзеге асыруға өз үлестерінді қосуға тілектеспін», – деді Маркен Кенжетайұлы.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ


Продолжение. Начало на 1 стр.

## НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КОРПОРАТИВНОЙ СЕТИ WI-FI

Как пояснила директор Института Жаныл Мамыкова входящая скорость интернета составляет 5 мб/с, а исходящая – 8 мб/с., ограничение по объему скачиваемого трафика 10 гб. Все точки беспроводной сети управляются удаленно, что обеспечивает бесперебойную работу интернета. Доступ к корпоративной Wi-Fi сети могут пользоваться не только студенты и сотрудники КазНУ, но и гости во время проведения мероприятий. «Мы продолжаем улучшать IT-инфраструктуру университета, с развитием технологий в мире появляются новые разработки, поэтом стараемся следить за новинками и идти «в ногу со временем», – отметила Ж.Мамыкова.

Институт информационных технологий позаботился и о безопасности сети, которая имеет встроенную систему обнаружения и предотвращения попыток взлома. Система Active Directory в свою очередь, позволяет мониторить время входа каждого пользователя и запрещает использовать один логин на два устройства. Для того, чтобы студенты использовали интернет только по назначению и не отвлекались от учебы, создан реестр запрещенных сайтов.

Модернизация технологических возможностей, позволила КазНУ стать единственным вузом в стране с



### Шесть шагов проекта «Электронный кампус»

самым высоким уровнем развитой IT-инфраструктуры. Результатом этой масштабной работы явилось создание своего собственного дата-центра, системы видеонаблюдения, введение в

эксплуатацию электронных турникетов и цифровой библиотеки.

Рустем АБРАЕВ

ҚазҰУ-да «Электронды кампус» жобасының  
Wi-Fi корпоративті желісі сәтті жүзеге асуда

# Шынайы еңбегі Жастарға - өнеге

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ АГРОБИООРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ, Б.Ғ.К., БИОТЕХНОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ ҚОДАРОВ БӨКЕЙХАН РАИСҰЛЫ БИЫЛ МЕРЕЙЛІ 70 ЖАСҚА ТОЛҒАЛЫ ОТЫР.**

Қодаров Бөкейхан Раисұлы 1945 жылы 12 ақпанда Қостанай облысының Әйет өзенінің бойындағы Ақсу ауылында дүниеге келді. 1961 жылы Таран ауданының Қоржынкөл қазақ мектеп-интернатын бітіріп, сол жылы өзі армандаған С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың биология факультетіне оқуға түсті. 1964 жылы 4-курста оқып жүрген кезде әскер қатарына шақырылып, ол 1967 жылы 15 қарашадан бастап университетте оқуын жалғастырды.

Биология факультетіндегі бірнеше кафедралардың ішінде ол өсімдіктер физиологиясы және биохимиясы кафедрасын таңдады. Оның себебі де бар еді. Сол жылдары кафедраны Қазақстандағы биохимияның негізін қалаушы, университеттің бұрынғы ректоры, академик Т.Б. Дарқанбаев басқарды. Өзінің ғылымдағы болашағы бойынша ақыл-көңес сұрауға барған Бөкейхан Раисұлының Қостанай облысынан екенін білген соң атақты ғалым оған Қазақстанның астық мол егілетін аудандарының бірі осы облыс екенін, бірақ бұл өңірдің жазы қысқа болатындығын әрі күздік жауын-шашынның ерте басталуына байланысты астықты ысырапсыз жинау бұл өңір үшін аса күрделі мәселе екенін айтты. Осыған байланысты ол студентке бидайдың биохимиясымен айналысуды ұсынды. Осы күннен бастап Бөкейхан Раисұлы академик Т.Б. Дарқанбаевтың шәкірті атанды.

1969 жылы оқуды бітірісімен, сол кезеңдегі ағымға орай жас маман ретінде Қазақстан ауылшаруашылық министрлігі қарамағына жолдама алып, 1969-1972 жылдары Қостанай облысы Қарабалық ауылшаруашылық ғылыми-тәжірибелік кешенінде химико-аналитикалық

(технологиялық) зертхананың жетекшісі қызметін атқарды. Шалғайда осындай маңызды ғылыми-тәжірибе жинаған кезеңінің оның келешектегі ғылыми-педагогикалық маман болып қалыптасуында үлкен септігі болды. 1972 жылы ҚазМУ-дың физиология, биохимия және микробиология кафедрасына аспирантураға орын бөлініп, Бөкейхан Раисұлы кафедраға өз ғылыми тақырыбымен оралды. Бұл кезең республикада астық өндірісінің ерекше дамыған шағы еді. Сол өнімнің ауқымды бөлігі Қазақстанның Солтүстік аймағында өндірілгенімен, экологиялық жағдайларға байланысты, кең алқаптағы егістік көлемінде бидай дақылдың пісу мерзімінде желден жапырылу проблемасы туды. 1977 жылы Б.Р. Қодаров, жоғарыда аталған өзекті мәселелерге сәйкес, «Қазақстанда қысқа сабақты бидай түрлері дәніндегі сапа көрсеткіштерінің түзілу ерекшеліктері» атты тақырыпта академик Т.Б. Дарқанбаевтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғады.

Еңбек жолын кафедрада құрылған «Өсімдіктердегі заттар алмасуының биохимиясы» ғылыми-зерттеу зертханасында кіші ғылыми, сонан кейін аға ғылыми қызметкер дәрежесінен бастаған Б.Р. Қодаров 1981-1983 жылдары осы зертхананың меңгерушісі қызметін атқарады. Бұл кезеңде ғылыми-проблемалық дәрежедегі зертханаға жүктелген бірқатар мемлекеттік және академиялық тапсырмалар орындалды. Ғылыми жұмыстармен қатар Б.Р. Қодаров 1984 жылдан бастап қазіргі биотехнология кафедрасында білім беру саласында да үлкен жетістіктерге жетті. Ол оқу жоспары бойынша «Биохимия», «Энзимология», «Эволюциялық



биохимия» және т.б. пәндерден биология факультетінің студенттеріне дәріс оқиды. 30 жылға жуық ғылыми-педагогикалық тәжірибесінің нәтижесінде Б.Р. Қодаров 70-тен аса ғылыми мақалалармен қатар, әріптестерімен бірге әдістемелік еңбектер жинағын шығарады («Экспериментальная гаплоидия зерновых злаков», Москва, 1990). 2011 жылы Т.Б. Дарқанбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай жоғары оқу орындарына арналған «Техническая биохимия» оқу құралын (Алматы, «Қазақ университеті», 2011), ал 2015 жылы «Дәнді, жарма және техникалық дақылдар биохимиясы» атты оқулық шығарды (Алматы, 2015). Аталған басылымдар биотехнология кафедрасының оқу жоспарын толықтырып, қазақ және орыс тілінде жастарды білімнің қолданбалы салаларын игеруде өз үлесін қосып келеді. 1995 жылы доцент Б.Р. Қодаровтың биология және аграрлық ғылыми дәрежесі мен тәжірибесін ескере отырып, университет ректоры К.Н. Нәрібаев оны университет жанындағы «Экос» оқу-өндірістік орталығының жетекшісі

қызметіне бекітті. Бұл құрылым кезінде (1943) ҚазМУ-дың оқу ісін жүргізуші профессор Т.Б. Дарқанбаев іргесін қалаған Агробиостанция еді. Жаңа құрылымның оқу және инновациялық қадамын бақылау сол кездегі университеттің ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры профессор З.А. Мансұровка жүктелді. Бұл бөлімнің негізгі міндеті студенттердің тәжірибелік кадамдарын дамытумен қатар, оларды заманға сай инновациялық жүйеге жетелеу, ікемдеу болды. 2009 жылдан бастап бұл бөлім университеттің Агробиорталығына (АБО) айналды. Университет ректоры Ғалым Мұтановтың қолдауымен қазіргі кезеңде АБО биология және биотехнология, химиялық технология салаларын дамытудағы инновациялық жобаларды игеруде. АБО-ның (жер көлемі 10 га) аграрлық тәжірибелік орталық ретінде геодезия, картография және гидрология мамандарын дайындауға да мүмкіншілігі бар. Келешекте жел, күн энергиясы қондырғыларын орнату, фармацевтикалық өндіріс орнын ашу көзделіп отыр. АБО кешені оқу-өндірістік, тұрмыстық және материалдық-техникалық жағынан толық жабдықталған.

Доцент Б.Р.Қодаров, жоғарыда аталған ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар, соңғы 20 жыл бойы (1995-2015) осы оқу-өндіріс орталығының жұмысын табысты жүргізіп келеді. Ол 1965 жылы 9 мамырда «XX лет Победы в ВОВ 1941-45гг.» медалімен, 2009 жылы «75 лет КазНУ» төс белгісімен марапатталған.

Сөз соңында өмірі көпке – үлгі, жастарға – өнеге ғалым, ұлағатты ұстаз Қодаров Бөкейхан Раисұлының кафедра атынан шын жүректен мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық-саулық тілейміз!

**Ә. ЕРЕЖЕПОВ, доцент, б.ғ.к.**  
**С. ОРАЗОВА, аға оқытушы, б.ғ.к.**  
**М. НАРМУРАТОВА,**  
аға оқытушы, б.ғ.к.  
биотехнология кафедрасы:

9 ФЕВРАЛЯ - ДЕНЬ РОЖДЕНИЯ М.МАКАТАЕВА

## ЖИЗНЬ, ПОСВЯЩЕННАЯ ПОЭЗИИ

**СЫНУ ВЕЛИКОЙ КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛИ И КАЗАХСКОГО НАРОДА МУКАГАЛИ МАКАТАЕВУ ДЕВЯТОГО ФЕВРАЛЯ ИСПОЛНИЛОСЬ БЫ 84 ГОДА. М. МАКАТАЕВ ВОРВАЛСЯ В ЛИТЕРАТУРУ ПОДОБНО ОГНЕННОЙ МОЛНИИ, ОСЛЕПИВ ВСЕХ. КОГДА-ТО РАБИНДРАНАТ ТАГОР СКАЗАЛ: «НАЦИЯ ОБЯЗАНА СДЕЛАТЬ ВСЕОБЩИМ ДОСТОЯНИЕМ ТО, ЧТО У НЕЕ ЕСТЬ». ЭТИ СЛОВА В ПОЛНОЙ МЕРЕ ДОЛЖНО ОТНЕСТИ К ТВОРЧЕСТВУ ПОЭТА.**



Мукағали Макатаев прожил недолгую, но яркую творческую жизнь. Полное имя поэта – Мухаметқали, но его с детства ласково называли Мукағали. Первоначально детство писателя было безоблачным. Поэт любил мир своего детства и искренне тосковал по нему. Именно воспоминания о детстве породили многие образы его поэзии. Но весть о смерти отца, ушедшего на фронт, черной пеленой закрыла это счастливое мгновение. Тяжелое время научило великой мудрости жизни: «терпению и умению ждаты», а любовь к Родине была основным вдохновением для поэзии. Несмотря на смену внешних обстоятельств, постоянен Макатаев был в главном – беззаветной любви к поэзии. Стихи становились народными. В нескольких строках он мог раскрыть целый сюжет. Известные композиторы, такие как Н. Тлендиев, Ш. Калдаяков, разобрали его стихи по нотам. Даже просто читаешь его стихи, еще не песни, и уже сам произвольно напеваешь. Они были мелодичны.

Это был очень своеобразный, оригинальный поэт, ставший легендарной личностью. М. Макатаев начал печататься в 1948 году.

Известность ему принесла поэма «Аппасионата» (1962). Поэтические сборники «Привет, друзья» (1966), «Ласточка моя» (1968), «Сердце мое» (1972), «Лебеди не спят» (1974), «Тепло жизни» (1975), «Поэма жизни» (1976), «Река жизни» (1978), «Биение сердца» (1-2 книги, 1982), «Шолпан» (1984) и другие вошли в золотой фонд казахской национальной поэзии. Прозаические произведения вошли в сборник под названием «Две ласточки» (1988).

Слава к М. Макатаеву пришла после смерти. Уникальным стало иллюстрированное издание «Божественной комедии» Данте в его переводе. Поэтические сборники вошли в золотой фонд казахской поэзии. В эти же годы появились переводы стихов М. Макатаева на русский язык, сделанные О. Жанайдаровым и М. Курганцевым, Ю. Александровым и Л. Шашковой. Макатаев перевел на казахский язык сонеты У. Шекспира (1970), стихи У. Уитмена (1969), поэму «Божественная комедия» Данте (1971) и другие.

В 2000 году правительство Казахстана посмертно присудило Мукағали Макатаеву за сборник стихов «Аманат» Государственную премию Республики Казахстан в области литературы, искусства и архитектуры. А в 2002 году ему был установлен бронзовый памятник в сквере на пересечении улиц Макатаева и Желтоқсан.

**Сауле СЫЗҒАНБАЕВА,**  
преподаватель кафедры физики плазмы  
и компьютерной физики

**В КазНУ прошло обсуждение Послания Президента с участием руководителя городского управления по вопросам молодежной политики Маркеном Ахметовым**

**Жәнібек хан – қазақ тарихында туысы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаушы ретінде белгілі болған тұлға және екінші қазақ ханы. Оның шын есімі – Әбу Саид. Оның да Керей хан секілді арғы ата-бабалары – Шыңғыс хан, Жәошы хандар. Бергі аталары тарихта есімі қалған: Орыс хан, одан Қоыыршақ хан, одан Барақ хан. Ол Алтын Ордада бірнеше жыл хан болған және Ақ Ордадың соңғы билеушісі, атақты Барақ ханның Мір-Саид, Мір-Қасым атты ұлдарынан кейінгі кіші ұлы. Сол себептен болу керек, оның екінші есімі – Кіші Жәнібек хан. Жәнібек ханның есімі жазба тарихта алғаш рет Керей ханмен бірге Қазақ хандығының іргесін қалаушы ретінде кездеседі.**

# ЖӘНІБЕК ХАН

Жәнібек хан шамамен XV ғасырдың басында дүниеге келген. Сол ғасырдың 50-60 жылдары туысы Керей хан екеуі Орыс хан ұрпақтарының ішіндегі ең үлкені болатын. XV ғасырдың ортасына таман шибанилық Әбілқайыр хан бұрынғы Ақ Орданың аумағына толық үстемдігін орнатады. Көп ұзамай оған қарсы саяси топтар пайда болады. Солардың бірін – Керей мен Жәнібек хандар басқарады.

1457 жылы жаз айларының соңында Әбілқайыр хан қалмақтардың билеушісі Үзтемір тайшыдан Сығанақ қаласы түбінде жеңіліп, оның ауыр шарттарына көнуге мәжбүр болады. Тіпті, бір немересін қалмақтарға аманатқа береді. Бұл жағдай оның беделін түсіріп жібереді. Осындай жағдайды пайдаланған Орыс хан ұрпақтары өздерінің қоластындағы ру-тайпаларды бастап, 1457 жылдың күз айларының соңында көрші Моғолстан мемлекетіне көшіп кетеді. Моғолстан ханы Есенбұға бұл кезде туған ағасы Жүніс ханмен билік үшін күресіп жатқан болатын. Есенбұға хан Керей мен Жәнібек хандарды қуана қарсы алып, оларға Моғолстанның батысындағы Жетісудың Шу бойы мен Қозыбасы тауы аралығындағы жерлерді береді. Жәнібек хан Керей ханнан соң билікке келеді. Ол шамамен 1465-1466 жылдары болған.

Жәнібек ханның билігі 6-7 жылға созылады. Оның тұсында хандық тарихында үлкен маңызға ие бірнеше оқиға болады. Біріншісі, 1469 жылы күздің соңы мен қыстың басында Әбілқайыр ханның Қазақ хандығына жасаған жорығы сәтсіз аяқталып, шибанилық ханның қайтыс болуымен аяқталады. Бұл жағдай «көшпелі өзбектер» мемлекетінің толық күйреуінің басталуына алып келеді. Екіншісі, Дешті Қыпшақта шибанилық әулет билігінің жойылуы жатады. Шибанилар әулетінің билігі өздігінен жойылмады, оны жояды. Жойғандардың ішінде Сібір хандығы, ноғай мырзалары, Алтын Орда хандығы, Хорезм хандығы және Жәнібек хан басқарған Қазақ хандығы болды. Деректерде жазылғандай, дәл осы кезден бастап Қазақ хандығының билігі Дешті Қыпшақтың басым бөлігінде орнайды. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуының соңғы кезеңі Жәнібек ханның тұсында табысты аяқталады. Ол шамамен 1473-1474 жылдары қайтыс болған. Өйткені, осы ғасырдың 70 жылдарының ортасына таман Сыр бойы үшін басталған күресте қазақ хандарының екінші буын өкілдері – Бұрындық, Қасым хандардың есімдері жазба деректерде кездесе бастайды.

Тарихымызда Жәнібек ханға қатысты бір-екі қате пікірлер қалыптасқан. Соның біріне – Жәнібек ханның Астрахан хандығында, одан кейін Қырым хандығында болып, Орыс елінде қайтыс болған деген пікір жатады. Мұндай қате пікірдің пайда болуына бір мезгілде аталған елдерде Жәнібек есімді хандардың ел билеуі мен XIX ғасырдағы тарихшылардың деректердің аздығына байланысты олардың бәрін бір тұлға етіп көрсетуі жатады. Олардың пікірлерін әлі күнге дейін қолдаушылар бар.

XV ғасырдың 40 жылдары Қырымда билікке келген тұкайтемірлік Қажы Керей хан жаңа хандықтың және жаңа әулеттің негізін қалайды. 1466 жылы ол қайтыс болғаннан кейін, талас-тартыстан соң көп ұлының бірі – Менлі Керей билікті иеленіп, хан болады. Бірнеше рет биліктен айырылып, қайта келген Менлі Керей хан Қырымда XVI ғ. басына дейін билік етеді. Ол 1502 жылы Алтын Ордаға соңғы рет сокқы беріп, хандықты және оның астанасы Сарайды тас-талқан етеді.

XV ғасырдың 70 жылдары Қырым Ресеймен одақтас болып,



Алтын Орда билеушісі Ахмет хан мен король Казимирдің одағына қарсы тұрады. Дәл осы тұста Түркия да Қырымда өз ықпалын өсірген болатын. Осындай жағдай Қажы Керей ұлдарына бірнеше бағытты: түркиялық, алтынордалық, ресейлік бағдарлы ұстануға мәжбүр етеді. Қырымның билеуші әулеті ішінде осыншама бағытты ұстанушылар арасында өзара күрес өрбиді. Менлі Керейдің бірнеше рет биліктен айырылуы осыдан туындаған. 1474 жылы Менлі Керейден билікті туған ағасы Хайдар хан тартып алады. 1475 жылы Менлі Керей түріктерге өтеді де, солардың көмегімен билікке қайта келеді. Ал 1477 жылы Ахмет хан Қырым түбегін қайта бағындырады да, ол (Қырымның билеуші топтары арасында алтынордалық бағытты ұстайтын адамды хан етеді. Ол Жәнібек қашты. Деректер де оны: Жаныбек-Керей деп, Жан-Керей деп жазады. Жанкерей – Менлі Керейдің әкесі Қажы Керей ханның туған ағасы. Жошы Ұлысының тарихы туралы зерттеу жүргізіп, көзі тірісінде сол еңбегін жариялай алмаған тарихшы, этнограф Г.Е. Грумм-Гржимайло (1860-1936) осы кездегі оқиғаларды былайша түсіндіреді: «Ахмет хан Қырымды алып, онда билеуші етіп Жаныбек Керейді отырғызды... бірақ бір жылдан соң Қырымдағы жағдай қалпына келтіріледі: Жаныбек Ресейге қашты, Менлі Керей билікке қайта келді. Ресеймен арадағы одақтастық қалпына келтірілді және қосымша қаулымен толықтырылды».

Қазақтың Жәнібек ханының есіміне ұқсас келесі тарихи тұлғаға – астрахандық Жәнібек хан жатады. Астрахан хандығында 1514-1521 жылдары Кіші Мұхаммед ханның немересі, Махмуд ханның ұлы – Жәнібек хан билік құрады. Жәнібек хан Астрахан тағын 1514 жылдың жазында иеленіп, 1521 жылдың 15 тамызына дейін билік жүргізген.

Осы кезеңде келесі бір хан лауазымын иеленген Жәнібек есімді тұлғаға – XVI ғасырдың бірінші жартысында Мауереннахрда Андижан уалаятын басқарған, шибанилық Жәнібек хан жатады. Ол Әбілқайыр ханның немересі, Қожа Мұхаммед ханның ұлы. XVI ғасырдың соңғы ширегінде Жәнібек ханның немересі атақты Абдаллах хан Мауереннахрды біріктіру жолында күрес жүргізеді.

Жәнібек ханның артында тоғыз ұлы қалады. Оның ішінде Жиренше, Махмұт, Қамбар, Әдік, Қасым секілді ұлдары XV ғасырдың соңы XVI ғасыр басындағы Қазақ хандығы тарихында үлкен рөл атқарады. XVI ғасырдың ортасы мен екінші жартысында Жәнібек ханның Жәдік атты ұлы мен оның ұрпақтары саяси билікті қолдарында ұстайды. Қазақтың ханы болған Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке хандар – Жәнібек ханның ұрпақтары болып келеді.

**Б.Б. КӘРІБАЕВ,**  
т.ғ.к., профессор,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

## Ғылыми жетістіктер – кафедраның бетке ұстар көрсеткіштерінің бірі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бетке ұстар кафедраларының бірі – биотехнология кафедрасының жетістіктерін көпшілік қауымға жеткізіміз келеді. Соңғы жылдары кафедра ұжымы үлкен табыстарға қол жеткізуде. Осыдан 3 жыл бұрын университет кафедраларының ішінде биотехнология кафедрасы төртінші орында болса, келесі жылы үшінші орынға көтерілді, ал өткен оқу жылында кафедра екінші орынды иеленді.

Оқу-тәрбие жұмыстарымен қатар кафедра ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп келеді. Кезінде С.М. Киров атындағы ҚазМУ ректоры болған әрі көптеген жылдар бойы кафедраны басқарған академик Т.Б. Дарқанбаев студенттерге білім беру және тәрбие жұмыстарымен қатар кафедраның ғылыми бағытын анықтап, өсімдіктер биохимиясы мен физиологиясы саласында ғылыми мектептің іргетасын қалап кетті. Оның еңбегі осы күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. Өткен ғасырдың 60 жылдарында Т.Б. Дарқанбаевтың жетекшілігімен кафедрада тұңғыш рет «Өсімдіктердегі заттар алмасуының биохимиясы» атты проблемалық ғылыми-зерттеу зертханасы құрылған болатын. Зертханада одақтық және республикалық Ғылым академиялары мен ауылшаруашылық министрліктерінің тапсырыстарымен көптеген зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері өндіріске енгізілді. Қазіргі таңда атақты ғалымның ғылыми бағытын кафедра ұжымы уақыт талабына сай одан әрі жалғастыра отырып, дамытып келеді.

Осы күндері кафедрада биологияның биохимия, физиология, биотехнология, экология салалары бойынша 9 ғылыми зертхана жұмыс істейді. 2014 жылы кафедраның осы зертханаларында ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылатын, жалпы сомасы 178 млн. теңгені құрайтын 27 ғылыми жоба орындалды, сонымен қатар 1 халықаралық жоба және келісімшарт негізінде 5 жоба бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Кафедраның 17 оқытушы-профессоры осы жобалардың ғылыми жетекшілері болып табылатын болса, басқа оқытушылар аталған жобалар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оның орындалуына тікелей атсалысты. Бұдан басқа кафедра оқытушыларының бір тобы ҚР ҰҒА-на қарасты ғылыми-зерттеу институттарында орындалып жатқан бағдарламаларға белсене араласып келеді.

Кафедрада орындалып жатқан ғылыми зерттеулерге студенттер де тартылуда. Біліммен қатар ғылымға деген құштарлығымен ерекше көзге түскен студенттер ғылыми жобалардың штатына қабылданады. Мысалы, өткен жылдың өзінде кафедраның бакалавриатында білім алып жатқан 52 студент, магистратураның 16 студенті және 9 докторант жоғарыдағы ғылыми жобалардың штатына қабылданды. Мұнымен қатар студенттер осы жобалар бойынша шетелдік және республикалық журналдарда жарыққа шыққан 200-ден астам мақалалардың соавторлары болды. Міне, кафедра ұжымының осындай жетістіктеріне қарап, іштей риза боласын. Дегенмен де мұнымен тоқтап қалуға болмайтынын тағы да түсінеміз. 2014 жылы кафедрада орындалып жатқан жобалардың көпшілігі аяқталды. Сонымен қатар ҚР БҒМ-нің 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми жобаларға байқауы жарияланды. Осыған орай кафедрада 22 ғылыми жоба жазылып, Ғылым комитетіне тапсырылды. 2015 жылы оқу-тәрбие жұмыстарымен қатар кафедра ұжымы ғылым саласын одан әрі дамыту бойынша үлкен межелер қойып отыр. Бұл жоспарлардың орындалып, үлкен табыстарға жетуіне кафедраның әрбір мүшесі қажымай еңбек етіп, өз үлестерін қосатынына кәміл сенеміз.

**Ә.Е. ЕРЕЖЕПОВ,**  
б.ғ.к., биотехнология кафедрасының доценті;  
**А.А. МЕЛДЕБЕКОВА,**  
б.ғ.к., аға оқытушы



ОҚУШЫДАН ХАТ

МОЙЫНДАУ

Асаулау шығар тағдырым,  
Өзім де момын емеспін.  
Айтар ем бүкпей барлығын,  
Түсінбейді, өттең, мені ешкім.

Ақылы жетпей Айдың да,  
Жүр ұқпай әлі жұлдыздар.  
Шұғыла сынды қайғым да,  
Шаттығым шалыс түнгі ызғар.

Жазмыш жолына көніп құр,  
Беттеп барамын елсізге.  
Жүрегін сенің соғып тұр,  
Өмірің ғажап менсіз де.

Сыратым – өлең, түсі аппақ,  
Сен білсең, қане, айт емін.  
Қасіретімді құшақтап,  
Кете берем бе қайтемін !?!

Асаулау шығар тағдырым,  
Өзім де момын емес ем.  
Иесі көкте бар жырдың –  
Жерде мен жазды демесең...

САУАЛ

Күйесі бордай бұл қоғам,  
Білмейсің ақ пен қарасын.  
Мылқаудың мұңын тыңдаған,  
Керең дүние ме жанашыр?!

Өз қиялымен көкте әркім,  
Ағысқа қарсы бар ағын.  
Жазбаған жыр ма деп қалдым,  
Зағиптың мөлдір жанарын.

Бағынып, бөлкім, мәңгілік,  
Құлы болармыз қоғамның.  
Бұл қайдан шыққан заңдылық –  
Ұға алмау жанын адамның?!

Тым адал болып жүргенді  
Бетперде киіп жүр дейді.  
«Мұңынды айтсаң – күледі,  
Шынынды айтсаң – күндейді»...

*«Он жетіде жұрттың бәрі ақымақ!/-  
Маусым. Ымырт. Шулы кафе ішінде.»  
Әмірхан Балқыбек*

«Он жетіде жұрттың бәрі ақымақ!», –  
Әмір көкем көрген екен бақылап.

Ақымақ шақ артып маған тағы жүк,  
Сенімен һәм Жалғыздықпен танысып,

Шөл-ғұмырға көл-сезім боп төгілсең,  
Саған арнап жыр жазар ем өміршен!

Машақатын сезінген соң Маусымның,  
Өкпеледім. (Өкіндім, көп таусылдым.)

Маусымдағы он жетінің әлегін,  
Көкемдей-ақ түсіне алар, қане,кім...

**Әлия ІҢКӘРБЕК,**  
II сынып оқушысы,  
Алматы облысы, Райымбек ауданы,  
Кеген ауылы

# ҚазҰУ жастары тағы да белсенділік танытты...



**Х.Д. Досмухамедов атындағы жалпы денсаулық сақтау мектебі мен С. Асфендияров атындағы ҚАЗҰМУ өткізген дәстүрлі «Жалпы денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері: аурудың алдын алу және профилактика шаралары» тақырыбында халықаралық VI «Қысқы мектеп» жобасына биология және биотехнология факультетінің биофизика және биомедицина кафедрасы магистранттары қатысты. Шара аясында «Дені сау университет – дені сау студент» тақырыбында олимпиадаға қатысушы студенттер өз жобаларын қорғады. Олимпиадада оқытушылар мен магистрлер денсаулық сақтау мәселесі төңірегіндегі қазіргі таңдағы өзекті тақырыптарда семинар, тренинг сабақтарын жүргізді.**

«Дені сау университет» жобасы бойынша қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ-дың намысын қорғаған биофизика және биомедицина кафедрасының магистрлері аяулы қалашығымыз бен Елбасымыздың сындарлы саясатын басшылыққа ала отырып, университетіміздің дамуына аянбай еңбек етіп жүрген ректор Ғ.М.

Мұтановтың жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан игі шаралармен толықтай таныстырып өтті.

Белсенді студенттеріміз университетіміздегі жастар саясаты, «Сұңқар» кәсіподақ ұйымы, «Студенттер сенаты» әрфакультетте жұмыс жасап жатқан клубтар мен үйірмелер жұмысы, спорттық жетістіктеріміз жайлы атап көрсетті. Қарағанды медицина университетінің «Жұлдыз» қоғамдық ұйымы жастары «Сұңқар» кәсіподағымен бірлесіп іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынды. Себебі, бұл ұйым жастарының мақсаты да, міндеті де – ел болашағы, жастардың кемел келешегі. Университетіміздің намысын қорғаған биология және биотехнология факультетінің 1-курс магистрлері – Талшын Артыққызы, Қуаныш Қабылұлы, Ардақ Болатқызы, Арайлым Орынбасарқызы және Әйгерім Қуанбай. Олимпиада қатысушылары сертификаттар мен естелік сыйлықтармен марапатталды. Магистрлерімізге ғылым мен білім жолында тек қана сәттілік тілейміз!

**Н.Т. АБЫЛАЙХАНОВА,**  
б.ғ.к., биофизика және биомедицина кафедрасының доценті

## Жас келсе - іске

**Жастық шақ – адам өміріндегі ең сәулелі кезең. Студенттік шақ кімді де болсын қызықтырмай тұрмасы анық. Бірақ ұмытылмас қызықты шақта ұмытпайтын құндылығың бар, ол – білім. Кешегі кемеңгерлер білім алудың көрінісін «инемен құдық қазғандай» деп әділ бағалаған. Бойында қуат, талабы талпыныспен ұшталған осы шақ жастардың өз уақытын, күш-жігерін білімге бағыттайтын кезеңі. Тарихқа көз жүгіртсек, осы біздің жасымызда-ақ қазақтың талай зиялы оқығандары руханиятымызға өз үлесін қосып үлгерген.**

Студенттердің әлеуметтік шараларға өз үлесін қосуына жоғары оқу орындарындағы студенттік бірлестіктер мен ұйымдар үлкен рөл атқарады. Солардың бірі – «Сенат» студенттер мәслихаты. Бұл ұйым университет қабырғасындағы белсенді, тапқыр, жаңашыл, алғыр жастардың басын қосып, оларды қоғамдық істерге жұмылдыруды мақсат етеді. Әрбір факультеттің мәслихаты оқу жылының басынан-ақ түрлі іс-шараларды өткізіп, студенттердің бір-бірімен байланысын нығайтуға үлес қосып үлгерді. Соның ішінде экономика және бизнес жоғары мектебі факультетінің студенттер мәслихаты оқу жылы басталысымен 30-дан аса 1-курс студенттерін қатарына қабылдады. Ұйым басшылығына төраға сайлауын өткізіп, жана топ басшысы ретінде Насырролла Нұрсұлтан таңдалып, өз жұмыстарын бастап кетті. Осы ұйымның аясында факультетімізде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Үздік фотограф-студентті анықтау мақсатында "Фото-охота" сайысы, қазақ кино өнерін насихаттауға бағытталған "Кино-ғұмыр" іс-шарасы өткізілді. Факультетіміздің мәслихат төрағасы шығыстану факультетінде сенаторлар арасында өткен "Үздік Сенатор"

сайысында белсенділік танытып, ерекше көзге түсті. Ал алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, экономика және бизнес жоғары мектебі мәслихаты "Үздік парақша" номинациясы бойынша топ жарды. Мәслихаттағы студенттер жан-жақты. Олардың ішінен күміс-көмей әншіні, мың бұралған бишіні, тіпті аяқ доп шеберлері мен актерлік шеберліктері ешбір театр әртісінен кем түспейтін талантты қыз-жігіттерді таба аласыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бірлесіп тірлік ету мен ұйымшылдық арқасында осындай нәтижелерге қол жеткіздік. Алдағы уақыттарда құрамында 20 мүшесі бар мәслихат ұжымы бұдан да қызықты шараларды өткізіп, жастар арасындағы қарым-қатынасты күшейтіп, студенттердің қоғамдық өмірдегі белсенділігін арттырып, университет дамуына өз үлесін қосудың жолдарын іздеп бермек.

"Жас келсе - іске" деген қағидамен баулитын ҚазҰУ-да мәслихаттықтар жалындаған жастық шағын қазақ арыстары мен зиялыларының ізін жалғап, жұрт игілігіне қызмет етіп, жасампаз жобаларды жүзеге асыруды мақсат тұтады.

**Данагүл АСЫР,**  
ЭжБЖМ-нің 1-курс студенті

**№7 Студенттер үйінде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында биофизика және биомедицина кафедрасы мен «Сұңқар» студенттер бюросының ұйымдастыруымен қазақтың мұзбалақ ақыны Мұқағали Мақатаевқа арналған «Жыр жүйрігі – Мұқағали Мақатаев» атты поэзиялық кеш өтті.**

## МҰЗБАЛАҚ АҚЫНҒА АРНАЛҒАН ЖЫР КЕШІ

Кешті ақынның «Туған өлке» өлеңімен 1-курс студенті Ергазы Индира ашты. Әрі қарай сөз кезегі осы кештің ұйымдастырылуына бірден-бір себепкер, талай студентті білім нәрімен суындатып жүрген кафедра профессоры Нұртай Торманұлына берілді. Нұртай Торманұлы өз кезегінде ақынның өмір жолына тоқталып, оның ҚазҰУ студенті екенін мақтана айтып, ақынның керемет өлендерінен оқып, студенттерге біраз мәліметтер берді. Шараға «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төраға орынбасары Бүрлібаева Шұғыла бастаған кәсіподақ бюро төрағалары мен командалары, белсенді мүшелері арнайы қатысты.

Нарынқолдық Болатхан Мақсат кеш барысында ақын өлендерін ерекше тебіреніспен жеткізді. Қонаққа келген филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің командасы «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын қойғанда көңіл тебірندی.

Тәрбиелік мәні бар, тамаша поэзиялық кештің ұйымдастырылуына бағыт-бағдар берген Нұртай Торманұлына студенттер ықылас-ниеттерін білдірді. Кеш соңы ақынның құрметіне арналған концерттік бағдарламамен аяқталды.

**Б. УРШЕЕВА,**  
биология және биотехнология факультетінің оқытушысы  
**Ә. МОЛДАБАЕВА,**  
«Сұңқар» студенттер кәсіподағы бюросының төрағасы

**ҚазҰУ экскурсия жетекшілері спорттың қысқы түрлері бойынша Әлем чемпионатына қатысушыларға шолу саяхатын өткізді**

# ВЕСЕЛЫЙ ПРАЗДНИК ВЕСНЫ!

«Веселый праздник Весны» или Новый год по китайскому лунному календарю отметили в Алматы. На сцене театра юного зрителя им. Г.Мусрепова зрители увидели театрализованное представление артистов Хэнаньского художественного ансамбля.



Организаторами великолепного гала-концерта выступили Генеральное консульство Китайской Народной Республики в Алматы и Институт Конфуция при КазНУ им. аль-Фараби.

«Казakhstan и Китай связывает многовековая дружба. Добрососедские отношения играют важную роль в развитии двух государств и являются залогом успешного и взаимовыгодного сотрудничества», - отметил, открывая мероприятие, Генеральный консул КНР в Алматы г-н Чжан Вэй. Он поздравил собравшихся с наступлением Нового года «Чунь цзе» пожелав здоровья, счастья, благополучия и хорошего праздничного настроения, а также поблагодарил руководство КазНУ им. аль-Фараби за поддержку в организации концерта.

«Отмечая Новый год вместе с китайским народом, мы ближе знакомимся с его колоритной национальной культурой и традициями. В древности нас связывал Великий Шелковый путь, сегодня мы его возрождаем, укрепляем нашу дружбу и сотрудничество, в том числе и в сфере образования и науки», - сказал в поздравительном слове первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев.



В программу гала-концерта вошли танцевальные композиции, вокальные номера, виртуозное соло на традиционных китайских музыкальных инструментах эрху и суона, а также фееричное шоу мастеров ушу.

Яркие и зрелищные номера представили артисты Чжэнчжоуского театра, которые исполнили национальные песни, захватывающий танец лебедей и красочную композицию с веерами. Акцентом программы стало выступление воспитанников самой известной школы боевых искусств Шаолинь «Тагоу». Они выступали на церемонии закрытия Олимпийских игр в Афинах, открытии Азиатских игр в Гуанчжоу, а также Пекинской Олимпиады.

Благодарные зрители овациями сопровождали каждое выступление артистов Поднебесной и, долго аплодируя, не отпускали со сцены.

Соб. корр.

## ДЕНСАУЛЫҚ

# ЖҮРЕК САУЛЫҒЫ



Адам өмірінің бүкіл өн бойында үздіксіз жұмыс істейтін жүрек бұлшық еті орасан зор мөлшерде энергия жұмсайды. Ал энергия ешқашан да жоқтан бар болмайды. Ол өзінің бір түрінен екінші түріне үздіксіз ауысумен болады. Мұнда энергия қайдан келеді? «Ас адамның арқауы» дегендей ол ішкен тағамдардан пайда болады. Оның құрамында нәруыз, көмірсу, сондай-ақ дәрумендер мен минералдық заттар, су т.б. болады. Адамның ішкен тағамы қорытылғаннан кейін оның құрамындағы қоректік заттар қан арқылы бүкіл ағзаға тарайды және жүрекке де жетеді.

Жүректің соншалықты орасан жұмыс атқаратыны белгілі. Ондай зор көлемдегі жұмысты орындау үшін энергияның да керемет көп болатыны әркімге-ақ аян. Жүректің атқаратын қызметі неғұрлым артқан сайын, оған солғұрлым мол энергия қажет. Адам ой еңбегімен айналысқан кезде тәулігіне 2500 калория мөлшерінде энергия алса да жетіп жатыр. Ал ой ауыр дене еңбегімен шұғылданған кезде 5000 калориядан да астам энергия алуды қажет етеді.

Бірқатар ғалымдар жүрек-қан тамырлары ауруларының пайда болуын ағзадағы көмірсу алмасуының бұзылуымен байланыстырады. Дүние жүзі кардиологтарының басым көпшілігі жүректің ишемиялық ауруларының пайда болуы майлы қышқылдар мен холестеринге бай тағам түрлерін шамадан тыс пайдалануда деп санайды. Қалай дегенде де ағза үшін май белгілі бір мөлшерде қажет. Бұл ретте әсіресе өсімдік майлары пайдалы. Олар: күнбағыс майы, жүгері майы, мақта майы және зәйтүн майы.

Жүйке жүйесі тозып, жүйкесі тез қозатын адамдардың етті тағамдарды азайтып, оның есесіне жүйке жүйесін нығайтатын сүт тағамдары мен өсімдік майы араласқан тағамдарға қарай икемделгені дұрыс.

Жалпы жүрек-қан тамырлары жүйесінің бірқалыпты жұмыс істеуі үшін толып жатқан витамин түрлері қажет. Олар А, В, С, Д, Е дәрумендері. Сондай-ақ калий, кальций, форфор, магний сияқты басқа да минералды заттар керек.

Міне, сондықтан да жүрек-қан тамырлары ауруларымен науқастанған адамдардың күнделікті тағамы жеміс, жидек, көкөніс, қарақат, лимон, сүт өнімдерінен тұруы тиіс. Оның үстіне ас тұзын мейлінше азайтқан жөн. Жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққан адамдарға калийге бай тағамдар мен жемістер берген дұрыс. Өйткені жүрек гликозидтері, зәр айдайтын дәрі — дәрмектер калийді адам ағзасынан өзімен бірге ала кететіні белгілі. Бұл ретте науқасқа алма, мейіз, кепкен өрік берген жөн.

Сайып келгенде, адамдардың тамақтану тәртібін тиімді түрде қалыптастыру — жүректің ұзақ уақыт бойы мінсіз жұмыс істеуінің кепілі болып табылады.

Жеңіскүл БЕРКІМБАЕВА

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп,  
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында  
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
Талпырыс №193

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.